

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының»"Жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың біріктірілген есептерін беру, сондай-ақ оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау ережесін бекіту туралы"»2007 жылғы 25 маусымдағы N 188 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 276 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 17 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5097 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 13 ақпандағы № 28 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.13 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың біріктірілген есептерін беру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының»"Жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың біріктірілген есептерін беру, сондай-ақ оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау ережесін бекіту туралы" 2007 жылғы 25 маусымдағы N 188 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4858 тіркелген , 2007 жылғы 14 қыркүйекте»"Заң газеті" газетінде N 141 (1170) санында жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың біріктірілген есептерін беру, сондай-ақ оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау ережесінде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Уәкілетті орган біріктірілген есепті алғаннан кейінгі жеті жұмыс күні ішінде оны бар болған ақпаратқа сәйкестігін тексереді және шынайы емес ақпарат анықталғанда ескертулерді екі жұмыс күні ішінде жою үшін Ұйымға және/немесе зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын Қорға ол туралы хабарлайды.

Біріктірілген есеп бойынша ескертулер болмаған жағдайда, уәкілетті орган есептік тоқсаннан кейінгі бірінші айдың 25 күніне дейін барлық Қорлардың жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасына әр Қордың жинақталған зейнетақы қаражаттарының пайыздық қатынасы жөніндегі ақпаратты интернет желісіндегі уәкілетті органның ресми сайтында орналастырады.";

5-тармақтың бірінші сөйлемі»"Біріктірілген есепті" деген сөздер»"Барлық Қорлардың жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасына әр Қордың жинақталған зейнетақы қаражаттарының пайыздық қатынасы жөніндегі ақпаратты интернет желісіндегі уәкілетті органның ресми сайтында орналастырғаннан кейін біріктірілген есепті" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Стратегия және талдау департаменті (Г.А. Ділімбетова):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р л а р ы н қ о л ғ а а л с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне,»"Активтерді басқарушылардың қауымдастығы" заңды тұлғалардың қауымдастық нысанындағы бірлестігіне,»"Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалардың қауымдастық нысанындағы бірлестігіне, жинақтаушы зейнетақы қорларына және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға мәлімет үшін жіберсін.

4. Агенттіктің Төраға қызметі осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Ғ.Н. Өзбековке жүктелсін.

Төраға

